

Алаш көсемі-Әлихан

Қазақ елі-өз егемендігін алып,патриоттық сезім мен рухты бойыңа сіңірген,қасиетті де киелі мемлекет.Тарихымызды қастерлеген халық,жарқын болашағымызға,ел тағдырына аянбай еңбек еткен қайраткерлердің атың мәңгі мақтанышпен бүкіл әлемге паш етуде.Бүгінгі тәуелсіздігіміздің түп негізін қалап,халықты біріктірген идеяның бірі - Алаш Партиясы.Бұл Партиядағы Қазақ зияларының басын біріктірген,мемлекет біртұтастығы үшін азаттық жолында құрбан болған Әлихан Бөкейхановтың тарихымыздағы орны бөлек.

Биыл ұлт көсемі,ағартушы-ғылым мен ұлы тұлға,Отаны үшін қызмет еткен - Әлихан Бөкейхановтың туылғанына 157 жыл толды. Өмір жолында Ресейдің қол астында болған халықтың тағдырын ойлаған мемлекет қайраткері,туған жерінің жағдайын көтеруді өз алдына мақсат қылады.«Бостандыққа апаратын жалғыз жол-ұлттық ынтымақ» деген сөзін негізге ала отырып,әділ өмірді аңсайды.Қазаққа автономия беруге қарсы болған үкіметке күйреп,халықты жаппай қырғыннан алшақтатуды ойластырумен қатар,бейбіт жолды іздестіреді.Ақырында,Әлихан Бөкейханов Қазақ Автономиясын,яғни «Алаш» Партиясын құруға қол жеткізіп,алғашқы төреағасы болып тағайындалады.Алаш Зиялары халықтың сауатын ашып,еліміздің тарихын сақтау үшін маңызы бар еңбектерін жазады.Тек ашық аспан мен халықтың болашағын ойлаған қайраткер,«халық жауы» атты атаққа ие болып,үкімет жағынан қуғынға ұшырайды.Соттың шешімі бойынша,«Алаш» Партиясының бүкіл зияларын атуға бұйрық беріледі.Тәуелсіздік идеясын қолдап,бағдар берген ұлы қайраткер,азаттық жолында қайтыс болады.1991 жылы құрылған Қазақстан Республикасы - қазақ арыстанының өмірлік көздеген арманы .

Ендігі біздің,жаңа ұрпақтың басты міндетіміз - Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның жолын қуып,Қазақстан тәуелсіз мемлекетіміздің тарихын сақтай отырып,оны дамыту. ұлт зиялыларының әрқайсысының сіңірген зор еңбегі көп.Бірақ,өзіндік саяси рухының биіктігімен,білімділігімен және жетекшілік қасиетімен ерекшеленіп,дараланып тұрған тек — Әлихан тұлға.Көпқырлығы арқасында,мемлекетіміздің тәуелсіздік жолына бастау беріп,тер төккен көшбасшының атың шығару - біздің парызымыз.

Кажкенова Сабина